	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ</p>	ИД 017-4.09 – 2017
		№1 редакция «__» _____ 2020ж
	<p><u>Академияның зияткерлік меншік туралы Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	1 беттен 11 бетке дейін

АКАДЕМИЯНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Алматы, 2020 жыл

АЛҒЫСӨЗ**1. ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ
ЕНГІЗІЛГЕН**

ҚР МСМ «Т.Қ. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ-нің ғылым бөлімімен

**2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

ҚР МСМ «Т. Қ. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ Ғылыми кеңесімен
«_24_» _12_2020 жыл.
№_5_

**3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ**

№__ редакция «__»_____2020 ж

4. ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ

3 жыл

Мазмұны

1. Кіріспе	4
2. Қолдану саласы.....	5
3. Нормативтік сілтемелер.....	5
4. Пайдаланылған қысқартулар.....	6
5. Терминдер мен анықтамалар	6
6. Академияның қызметтік шығармалары	6
7. Ғылыми шығармалар және шығармашылық жұмыстар.....	7
8. Айрықша құқықтарды беру.....	8
9. CAJAS журналы.....	9
10. Осы Ереженің нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік.....	9
11. Өзгерістер енгізу тәртібі.....	10
12. Келісу, сақтау және тарату.....	10

Бекітілді
ҚР МСМ «Т.К. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
ҒИМ Ғылыми кеңесінің шешімімен
«4» _____ 2020ж.
(№ 5 хаттама)



АКАДЕМИЯНЫҢ /ЗИЯТКЕРЛІК/ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

1. КІРІСПЕ

Ғылыми зерттеулер және шығармашылық жұмыстарды орындау Академия қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Шығармашылық жұмыстарды орындау кезінде (сурет салу, мүсін жасау, кино шығару және т.б.) академия студенттері мен қызметкерлері зияткерлік/интеллектуалдық қызметтің әртүрлі нәтижелеріне қол жеткізеді.

Азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, олар орындайтын жұмыстарға немесе қызметтерге (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) айрықша құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- ҚР АҚ) 125-бабына сәйкес зияткерлік / интеллектуалдық меншік деп танылады.

ҚР АҚ-нің 125-бабына сәйкес зияткерлік/ интеллектуалдық меншік деп азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы танылады.

Зияткерлік/ интеллектуалдық меншік объектілеріне Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», 1999 жылғы 13 шілдедегі «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңдарымен, 1999 жылғы 16 шілдедегі «Патенттік заңмен», 1999 жылғы 26 шілдедегі «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы», 2001 жылғы 29 маусымдағы «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» және т. б. заңдарымен қорғалатын объектілер жатады.

ҚР АҚ-нің Ерекше бөлігінің 961-бабы зияткерлік меншік құқығы объектілеріне: зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері; азаматтық айналымға, Тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысушыларды дараландыру құралдары жатады деп белгіледі.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-І Заңның 7-бабына сәйкес авторлық құқық объектілеріне мына туындылар жатады:

- 1) әдеби туындылар;
- 2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
- 3) сценарий туындылары;
- 4) хореография және пантомима туындылары;
- 5) мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар;
- 6) дыбыс-бейнежазу туындылары;
- 7) кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары;
- 8) қолданбалы өнер туындылары;
- 9) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау-саябақ өнері туындылары;
- 10) суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар;
- 11) карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірулер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;
- 12) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар;
- 13) өзге де туындылар.

Академия мен оның студенттері (магистранттары, докторанттары) арасындағы зияткерлік меншік мәселелері жөніндегі қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелуі тиіс.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1. Осы Ереженің күші осы Ереже қабылданған және бекітілген күннен бастап құрылған барлық зияткерлік меншікке және онымен байланысты барлық зияткерлік меншікке қолданылады.

2 Осы Ереже Академиямен құқықтық қатынастарға түскен барлық қызметкерлер мен студенттерге (магистранттарға, докторанттарға) қолданылады, олардың негізінде осы Ереже қызметкер мен студентті (магистрантты, докторантты) заңды міндеттемелермен байланыстырады. Мұндай құқықтық қатынастар Заңның, ұжымдық немесе жеке шарттың негізінде туындауы мүмкін.

3. Осы Ереже қызметкер, студент (магистрант, докторант) осы Ереже күшіне енген күнге дейін Академиямен басқаша туралы тікелей көрсетілген келісім жасасқан не Академия бұрын осы Ережеде белгіленген құқықтар мен міндеттемелер реттелетін үшінші тұлғамен шарт жасасқан жағдайларда қолданылмайды.

3. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4. Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

5. Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III «Білім туралы» Заңы;
6. Қазақстан Республикасының 10.06.1996 жылғы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;
7. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңы
8. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі «Патенттік Заңы»;
9. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
10. «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы және т. б.
11. ҚР МСМ «Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ жарғысы;
12. ДП 017-7.06-2017 құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару.
13. СО -2017 ұйым стандарты. Ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі.

4. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР БҒМ** - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
ҚР МСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі;
ЗМ – Зияткерлік меншік;
ҚТ - Қызметтік туындылар;
АҚ - Авторлық құқық;
СҚ - Сабақтас құқықтар.

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

14. Зияткерлік меншік - азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы;
15. Автор - шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға;
16. Авторлық құқық - автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары;
17. Айрықша емес құқық - осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, автордың немесе өзге құқық иеленушінің тиісті рұқсатымен басқа адамдардың құқық иеленушімен бір мезгілде туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарын пайдалана алатын құқығы;

18. Айрықша құқық – автордың және (немесе) өзге де құқық иеленушінің туындыны және (немесе) сабақтас құқықтар объектісін белгіленген мерзім ішінде кез келген тәсілмен пайдалануды жүзеге асыруға, оған рұқсат беруге және тыйым салуға мүліктік құқығы;

19. Сабақтас құқықтар - орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымының мүліктік құқықтары және орындаушының жеке мүліктік емес құқықтары.

6. АКАДЕМИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ШЫҒАРМАЛАРЫ

20. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңның 14-бабына сәйкес академия жұмыс беруші ретінде өзінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты академия қызметкерлері қалыптастырған зияткерлік меншік нәтижелерінің меншік иесі болып табылады.

21. Жұмыс берушінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған туынды авторының мүліктік емес жеке құқығын қызметтік туынды авторы иеленеді.

22. Егер жұмыс беруші мен автор арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, қызметтік туындыға мүліктік (айрықша) құқықтар жұмыс берушіге тиесілі болады.

23. Көрсетілген нормалар негізінде Академия бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жұмыстарды орындаушы ретінде осы жұмыстарды орындау барысында алынған нәтижелерге интеллектуалдық құқықтарға ие болады.

24. Еңбек міндеттеріне және жұмыс берушіден алынған нақты тапсырмаларға мыналар жатады:

- 1) жұмыскердің еңбек шартында (келісімшартта) көрсетілген міндеттері;
- 2) қызметкердің лауазымдық нұсқаулықпен (біліктілік талаптарымен) айқындалатын міндеттері;
- 3) кафедра (бөлімше) басшысы бекіткен қызметкердің жеке жоспарында көрсетілген міндеттері;
- 4) ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарды орындауға арналған шарттың ажырамас құжаты болып табылатын техникалық тапсырмалар;
- 5) Академия бойынша бұйрықпен бекітілген академияның редакциялық-баспа қызметінің жоспарына сәйкес оқулық, оқу-әдістемелік құрал, өзге де ғылыми туындыны шығаруға дайындау;
- 6) қызметкердің еңбек функциясына жататын, жазбаша түрде берілген және бөлімше (кафедра), факультет, Академия бойынша өкімдік құжатпен бекітілген жұмыс берушінің (академияның) өзге де тапсырмасы.

7. ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАЛАР ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

(оқулықтар, оқу құралдары, дәріс курстары және т.б.)

25. Авторлық құқық туындының мақсаты мен қадір-қасиетіне, сондай-ақ оны білдіру тәсіліне қарамастан, шығармашылық қызметтің нәтижесі

болып табылатын ғылым туындыларына және шығармашылық туындыларға қолданылады. Бұл жағдайда жұмыс қандай да бір объективті түрде болуы керек (қолжазба, баспа машинасы, компьютерлік мәтін, сурет, мүсін, дыбыс немесе бейне және т.б.).

26. Авторлық құқық объектілері болып табылмайды: ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары; мемлекеттік нышандар мен белгілер (жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік нышандар мен белгілер); халық шығармашылығы туындылары; оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар. Авторлық құқық идеялардың өзіне, тұжырымдамаларға, принциптерге, әдістерге, жүйелерге, процестерге, ашылулар мен фактілерге қолданылмайды. Егер туынды екі немесе одан да көп жеке тұлғаның бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалса, олар тең авторлар деп танылады және бірдей авторлық құқықтарға ие болады.

27. Авторлық құқық жарияланған, сондай-ақ жарияланбаған туындыларға да қолданылады және туындының жасалу фактісіне байланысты туындайды. Туындыны жасау фактісі құжатпен расталуға тиіс.

28. Авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу, туындыны өзге де арнайы ресімдеу немесе қандай да бір формальдылықты сақтау талап етілмейді.

29. Өздерінің айрықша мүліктік құқықтары туралы хабарлау үшін автор және (немесе) құқық иеленуші авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы, ол белгі туындының әр данасына қойылады және міндетті түрде мынадай үш элементтен тұрады:

- 1) қоршауға алынған латынша «С» әрпі;
- 2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы);
- 3) туындының алғаш жарияланған жылы.

30. Академия үшін мақалалар, оқулықтар, оқу құралдары, дәріс курстары, монографиялар, картиналар, аудио және бейнематериалдар, мүсіндер, қолданбалы өнер туындылары және т.б. сияқты ғылыми туындылар мен шығармашылық жұмыстар және басқа да ғылым мен мәдениет туындылары авторлық құқық объектілері бола алады.

31. Қызметтік туындының жасалу фактісі құжатпен расталуға тиіс. Бұл үшін ғылыми туындының авторын, академияның атауын, құқық иеленуші ретіндегі атауын және туындының жасалған күнін көрсете отырып, бақылау данасы объект құрылған бөлімшенің мұрағатында сақталуға тиіс.

32. Шығармашылық еңбегімен тиісті ғылыми шығарма немесе шығармашылық жұмыс жасаған жеке тұлғаға авторлық құқық беріледі.

33. Дипломдық және шығармашылық жұмыстарын (картиналар, аудио және бейнематериалдар, мүсіндер, қолданбалы өнер туындылары және т.б.) шығарушы кафедра академияда қорғағаннан кейін кафедра меңгерушісі бекітетін тізімдеме бойынша Академия мұрағатына өткізеді.

34. Дипломдық және шығармашылық жұмыстарын (картиналар, аудио және бейнематериалдар, мүсіндер, қолданбалы өнер туындылары және т.б.) ЖОО мұрағатында 5 жыл сақталады. Осы мерзім аяқталғаннан кейін ректордың бұйрығымен құрылған комиссияның актісі бойынша дипломдық жұмыстар есептен шығарылады.

8. АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚТАРДЫ БЕРУ

35. «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» заңның 16-бабында көрсетілген автордың мүліктік құқықтары толық немесе ішінара берілуі, сондай-ақ айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша немесе айрықша емес құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша пайдалану үшін берілуі мүмкін. Мүліктік құқықтарды кез келген басқаға беру автор мен мүліктік құқықтар берілген адам қол қоятын жазбаша Шартпен ресімделуге тиіс.

36. Айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт туындыны белгілі бір тәсілмен және шартта белгіленген шекте осы құқықтар берілген адамға ғана пайдалануға рұқсат береді және мұндай адамға басқа адамдардың туындыны осылай пайдалануына тыйым салу құқығын береді. Егер айрықша құқықтар берілген адам осы құқықты қорғауды жүзеге асырмаса, туындының авторы басқа адамдарға туындыны пайдалануға тыйым салу құқығын жүзеге асыра алады.

37. Айрықша емес құқықтарды беру туралы авторлық шарт пайдаланушыға осындай құқықтарды берген айрықша құқықтар иесімен және (немесе) осы туындыны осындай тәсілмен пайдалануға рұқсат алған басқа адамдармен туындыны тең дәрежеде пайдалануға рұқсат береді.

9. CAJAS ЖУРНАЛЫ

38. **Central Asian Journal of Art Studies** – құрылтайшысы «Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі болып табылатын журнал академиясының меншігі болып табылады. Бұл ереже Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және коммуникация министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті берген №16391-Ж куәлігінде көрініс тапты (10.03.2017 ж. берілген).

39. **CAJAS** — өнертану (театр, музыка, хореография, кино, бейнелеу және қолданбалы өнер, сәулет және т. б.), гуманитарлық білім берудегі педагогика және өнер мен ғылым философиясы бағыттары бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелерін жариялайтын халықаралық ғылыми рецензияланатын журнал.

40. **Сajas** журналы ISSN (ЮНЕСКО, Париж қ., Франция) сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі Халықаралық орталығында тіркелген және оған ISSN 2414-4177 халықаралық нөмірі берілген.

10. ОСЫ ЕРЕЖЕНІҢ НОРМАЛАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

41. Зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және осы объектілерге айрықша құқықтарды іске асыру мәселелері бойынша оқу орны (академия), Академия қызметкерлері мен студенттер (магистранттар, докторанттар) арасында даулар туындаған кезде Тараптар оларды өзара келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қабылдауы тиіс.

42. Дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар қолданыстағы азаматтық және қылмыстық құқық нормаларына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

11. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

43. Ережеге өзгерістер енгізу 133.025-2017 «Құжаттаманы басқару» ҚР (құжатталған рәсім) және ҰС-2017 «Ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту тәртібіне» сәйкес жүргізіледі.

44. Осы Ережеге өзгерістер енгізуді құжатты әзірлеуші, ережені әзірлеу және бекіту сияқты тәртіппен жүзеге асырады.

45. Ережеге өзгертулер мына жағдайларда енгізілуі тиіс:

- 1) «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде.
- 2) осы Ережені әзірлеуші бөлімінің атауы өзгерген жағдайда.

46. Ереженің жұмыс данасына өзгерістер енгізуді әзірлеуші өзгерістер туралы хабарламаның көшірмесін алған күннен бастап 5 күннен кешіктірмейтін мерзімде жүзеге асырады.

47. Өзгерістер құжатты қайта қарауға немесе күшін жоюға дейін қолданылады.

48. Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкері Ереженің түпнұсқасында оны ауыстыру туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып, «жойылды» деген жазба жасайды. Күші жойылған құжат түпнұсқасының ісі Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкерімен мұрағатқа сақтауға тапсырылады.

12. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ


49. Осы басылымды келісу Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен, Оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг қызметінің басшысымен, заң бөлімінің басшысымен жүзеге асырылады.

50. Осы Ереженің түпнұсқасы Академияның ғылым бөлімінде сақталады.

51. Осы Ереженің көшірме нұсқалары Оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг қызметі бөлімінде сақталады.


**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
беру ғылыми-зерттеу**

орталығының басшысы




Кульшанова А.А.

«КЕЛІСІЛДІ»


Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор
_____ Ш. А.Амирбеков
«14» _____ 12 2020 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор



_____ Қ.З.Халыков
«14» _____ 12 2020 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг
қызметінің басшысы
_____ Б.К. Турдалиева
«14» _____ 12 2020 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Заң бөлімінің басшысы


_____ Г. Д.Сеитбекова
«14» _____ 12 2020 ж.